




17-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

КИНО ӨНЕРІНЕ КІРІСПЕ

Камера арақашықтығы





Негізгі идеялар:

1. Кинематографиялық бейнедегі тема – киногердің акцент жасаған заты, кейіпкері жтб.
2. План масштабы дегеніміз камераның «арақашықтығын» меңзейтін ұғым.
3. Жиіктеу, яғни бейнені кадрға алу бейненің мизансценасына жақын немесе алыс болу сезімін тудырады. Жиіктеудің бұл техникасына «камера арақашықтығы» немесе «план» дейміз.
4. Әр түрлі елдердің пландарға берген шекаралары мен аттары әр түрлі. Сондықтан да әсіресе план түрлері алаңында халықаралық аренада хаос бар. Алайда пландардың шекаралары адам бойымен және оның дене мүшелерімен белгіленеді.
5. Киногер бұл пландарды адамның бетіне жасайтын болса ауырлық нүктесі етіп адамның бетін, яғни оның ойын, сыртқа шығарған ішкі дүниесіне үңілген болады; тіпті психологиялық анализ жасауға кіріседі десек те болады.
6. Аяқ және кеудемен байланысты пландарға бел планы, тізе планы және бой планы кіреді. Бұл пландарда да сезімдер мен ойлар орын алады, алайда әсіресе әрекеттер мен қозғалыстар маңызды.
7. Бой планының шекарасының біткен жерінен бастап декорациямен байланысты пландар орын алады.

Фильмдер:

Андрей Тарковскийдің фильмі «Ностальгия»

Пландардың негізгі ерекшеліктері

Киногер кадрдың ішіне мән бере отырып таңдаған темасын белгілі бір түсінікпен орналастыратындығын; және орналастырған кезде тереңдік сезімін бере алатындай етіп жасайтындығын; белгілі бір көру нүктесін/бұрышын яғни ракурсты таңдап бұл теманың астына түсетіндігін немесе үстіне шығатындығын; немесе теманы астынан немесе үстінен көретіндігін бұдан бұрынғы сабақтарымызда айтып өткен болатынбыз. План масштабы болса киногердің жоғарыдағы факторлар арқылы таңдаған, орналастырған, белгілі бір нүктеден немесе ракурстан көретін темасын жақыннан немесе алыстан қарауын қамтамасыз етеді. Темаға жақыннан немесе алыстан қарауға себеп болған нәрсе не? Бұған себеп болған нәрсе – теманың маңыздылығы. Режиссер қай теманы таңдаған болса, қай теманы қолға алғысы келсе немесе қайсысына екпін қойғысы келсе, көрерменнің назарын қай теманың қайсы бір бөлшегіне / деталіне аударғысы келсе, соны алға шығарады.

Басқаша айтар болсақ план масштабы дегеніміз камераның «арақашықтығын» меңзейтін ұғым. Өткен сабақтарымызда да айтылып өтілгендей жиіктеу, яғни бейнені кадрға алу бейненің мизансценасына жақын немесе алыс болу сезімін тудырады. Жиіктеудің бұл техникасына «камера арақашықтығы» немесе «план» дейміз. Әр түрлі арақашықтықтарды сипаттайтын терминдерді ұсынған кезде адам денесі стандарт болып табылады. Яғни пландар бой, иық, бет сынды адамның денесінің өлшеміне қарай аталады. Мұның басты себебі фильмдерде көбінесе басты рөлді адамдардың ойнауынан туындайды.

Беттік кадрларға байланысты пландар

Киногер бұл пландарды адамның бетіне жасайтын болса ауырлық нүктесі етіп адамның бетін, яғни оның ойын, сыртқа шығарған ішкі дүниесіне үңілген болады; тіпті психологиялық анализ жасауға кіріседі десек те болады. Өйткені бас планы кейде бұған ірі план деп атаймыз, адамның ойлары мен сезімдерін көрсететін адам бетін экранды толтырып көрерменге ұсынады. Иық пен кеуде пландарында да бейнеде егер бір ғана адам болатын болса оның ойлары мен сезімдерін, ішкі жан-дүниесін, көрерменге көрсетуге тырысады. Иық планынан кеуде планына қарай жылжитын болса бас планындағы қою сезімдер азая түседі. Иық планы, кеуде планы сынды пландар екі-үш адам орын алатын сахналарда қолданылады. Осылайша бұл адамдардың эмоциялық тұрғыдан бір-біріне деген көзқарастары, ұстанымдары, реакциялары көрсетіледі; адамдар арасындағы қатынастардың қаншалықты жақын немесе алыс екендігі көрсетіледі. Мұндай пландарда адам емес жанды-жансыз басқа да болмыстар немесе кеңістік бөлшектері орын алатын болса режиссер көрермен осыларға назар аударуға мәжбүр деген сөз. Әдеттегі қарауымыз арқылы көзіміз жетпейтін бұл нүкте көрерменнің көз алдына осы пландар арқылы жеткізіледі.



Аяқ және кеудемен байланысты пландар

Бұл пландарға бел планы, тізе планы және бой планы кіреді. Бұл пландарда да сезімдер мен ойлар орын алады, алайда әсіресе әрекеттер мен қозғалыстар маңызды. Осылайша адамның ішкі дүниесі мен сыртқы дүние арасындағы байланыс алға шығады. Бұл жердегі психологиялық ауырлық нүктесі, кейіпкер мен оның жақын қоршаған ортаға деген реакцияларына қарай ауысады да драмалық элемент маңыздылыққа ие болады. Олай болса киногер адамдардың әрекеттерін, олардың жақын қоршаған ортамен немесе бұл жақын қоршаған ортаның аясындағы өзге адамдармен болған қарым-қатынасын оларға деген реакцияларын, бұл жақын қоршаған ортаның ішіндегі оқиғаны, драмалық шиеленісті көрсететін кездерінде осы бел, тізе, бой пландарын қолданады.

Декорация / қоршаған орта / кеңістікпен байланысты пландар

Бой планының шекарасының біткен жерінен бастап декорациямен байланысты пландар орын алады. Негізінде бой планы адаммен және декорациямен байланысты пландар тобының шекарасы болып табылады: Бір аяғы адам денесімен байланысты пландарда, ал екінші аяғы декорациямен байланысты пландарда. Расында да бой планы мен оның артынан келетін жалпы план кең көлемдегі декорация ішіндегі аз немесе көп адамды қамтиды. Бұл пландар арқылы адамдар табиғи және қоғамдық қоршаған ортамен бірге көрінеді. Адамның сыртқы дүниемен, табиғатпен, қоршаған ортамен, басқа адамдармен қарым-қатынасы алға шығады. Бұл жерде психологиялық анализдің орнын драмалық мақсат алады. Декорация, табиғат пен қоршаған ортаның маңыздылыққа ие болуының салдарынан кейде-кейде драмалық мақсатпен бірге суреттеуші мақсат та бой көрсетеді. Олай болса киногер адамның табиғи және қоғамдық қоршаған ортасымен қарым-қатынастарын беру, бұл қоршаған ортадағы оқиғаны көрсету, бұл қоршаған ортаны суреттегісі келген кезде бой планын және көбіне жалпы планды қолданады. Жалпы план ең көп қолданылатын пландардың бірі; өйткені орталама күнделікті өміріміздегі әдеттік көру алаңымыз осы планда.

Декорациямен байланысты пландардың ішіндегі топтық планға келер болсақ топтық планның маңызды бір ерекшелігі бар: Топтық план адам орын алмаған бір кеңістіктің бөлшегін көрсетеді я болмаса декорацияның бір элементі ретінде адамды көрсетеді. Екінші жағдайдағы адам өте кең бір кеңістіктің ішінде өте кішкентай бір нүктедей болып көрінеді. Осылайша адамның жалғыздығын, әлсіздігін, жоқтығын өте әсерлі түрде жеткізуге болады. Сондықтан да көбіне суреттеуші болып табылатын топтық план кейде драмалық, ал кейде психологиялық ерекшеліктерге ие болады.

Андрей Тарковскийдің фильмі «Ностальгия» 2:02:34-2:03:59

Ұзақ (алыс) планда адамсыз декорацияны көретін боламыз немесе адамдар көзге бірден түсе салмайтын дәрежеде кішкентай болатын план. Бір қаланың немесе бір аралдың ұшақтан алынған бейнесі немесе биік бір қырдың төбесінен түсірілген кеңістіктің бейнесі ұзақ планға мысал бола алады. Ұзақ план нағыз суреттеуші мақсатқа ие план болып табылады. Ұзақ пен топтық пландар көбіне оқиға болып жатқан немесе болатын кеңістікті, қоршаған ортаны таныту үшін қолданылады. Көбінесе бұл пландар оқиға өтетін кеңістіктің жақыннан түсірілген бейнесіне кіріспе іспетті де қолданылады.

Деталь план: Деталь планның қолданылу түрі жоғарыдағыларға қарағанда әлдеқайда өзгеше. Бұл план кейде адамның еріндеріндегі, көзіндегі, қолындағы кішкене ғана дірілді немесе қимылды көрсету арқылы сол адамның ішкі дүниесін, сезімдерін, ойларын, реакциясын көрсетеді (психологиялық ерекшелік); ал кейде жаралы, қимылсыз бір органды көрсетіп драмалық ерекшелікті арттырады; драмалық ерекшелік кейбір жағдайда оқиғада маңызды орын алатын кішкене ғана бір болмысты, бір затты көрсету арқылы да арттырылады; ал кейбір жағдайларда бір мәтін экранды жауып әрі сипаттаушы, әрі елең еткізер ерекшелікке ие бола алады.

Пландарды қолданғанда не нәрселерге назар аудару керек?

Пландардың әр түрлі ерекшеліктерімен байланысты жоғарыда айтылған факторлар әр бір планның өзіне тән белгілі бір баяндау ерекшелігінің, белгілі бір қолдану жері мен жолының бар екендігін көрсетуде. Сондықтан да киногер / оператор, кез келген бір болмысты, адамды, жағдайды, қиялды, іс-әрекетті, феноменді, сезімді түсіндірудің; адам мен табиғи және қоғамдық қоршаған орта арасындағы



қарым-қатынасты; қоршаған ортаның ерекшеліктерін көрсету үшін ең оңтайлы және ыңғайлы планды таңдауға тырысады. Олай болса, пландар ешқашан өздігінен таңдала салмайды; тек қана баяндаудың ерекшеліктеріне сәйкес келетіндей етіп таңдалынады және қолданысқа ие болады. Сонымен қатар кез келген бір фильмде кез келген бір планның басқа пландарға қарағанда әлдеқайда көп қолданылуы сол фильмнің тақырыбына, фильмнің жанрына, режиссер мен актердың стилі себебінен болуы мүмкін. Мысалы деректі фильмдерде, жартылай деректі фильмдерде, қоғамдық өмірді тақырып еткен фильмдерде адам мен оны қоршаған орта арасындағы қарым-қатынас алға шығатындығы үшін бұл жағдайды ең жақсы көрсететін пландар болып табылатын топтық план, жалпы план мен бой планының көптеп қолданылуы міндетті түрде болатын нәрсе. Ал психологиялық бір драмада, психологиялық талдауларға көптеп орын беретін фильмдерде бел, кеуде, иық және бас пландары көптеп орын алады.

Бір планның бойы мен сол планның мазмұны арасында тығыз байланыс бар. Планның айтқысы келген нәрсе қаншалықты нақты, әрі драмалық тұрғыдан қою болатын болса кадрдың ішіндегі бұл қоюлықты көрсететін болмыс, адам, нәрсе де көбіне соншалықты жақын пландармен көріністе орын алады. Драмалық қоюлық азайған сайын немесе мазмұнның оншалықты маңызды болмаған жағдайларда (көбіне мұндай жағдайлар драмалық структураның ішіндегі шиеленістің азайған немесе жойылған кезінде, фильмнің ағысы жайбырақаттыққа өткен кезінде орын алады) ұзын пландарға өтіледі.

БЕЙНЕНІҢ МАСШТАБЫ

(Масштаб изображения, масштабы кадров)

Киногер бейне композициясын реттеген кезде бейненің жақтауынан орын алатын болмыстардың ішіндегі біріне немесе бір-екеуіне назарымызды аудартуға тырысады. Бейнеде бірнеше болмыс орын алуы мүмкін. Алайда киногер мен оператордың көрсеткісі келетін, негізгі болмыс, нәрсе бар. Бұған қысқаша тема деп ат берейік. Композицияда бұл теманың алған орны үнемі көлемді бола бермейді, немесе әрбір сахнада, эпизодта алыстан немесе жақыннан әр түрлі көрсетілуі мүмкін. Теманың жақтаумен салыстыра қарағанда алған орнының көлемінің өзгеруіне себеп болатын нәрсе, ол – әр түрлі көлемдегі түсірілімдер. Әр түрлі көлемдегі мұндай түсірілімдер жиынтығын бейненің масштабы (немесе түсірілімнің масштабы) деп атаймыз.

Теманың композиция ішіндегі көлемінің өзгеруі екі себепке байланысты іске асады: Тема мен камера арасындағы арақашықтық немесе қолданыстағы объектив.

1. Бірінші жағдайда камера темаға қаншалықты жақын болса тема да композицияның ішінде соншалықты көлемді орын алады; ал керісінше камера қаншалықты алыс болса тема да соншалықты кішірейеді.
2. Екінші жағдайда болса камера өз орнынан еш қозғалмаған болуы мүмкін, алайда қолданыстағы объективтің фокустық ұзындығы өзгертілгені үшін теманы алыстан немесе жақыннан көреміз. Алайда объективтің фокустық ұзындығы өзгертілген сайын шынайы көрініс те бұрмаланатындығы үшін бұл жағдай тек белгілі бір жағдайларда қолданысқа енеді.

Пландардың түрлері

Камера мен тема арасындағы арақашықтықты қалағанымызша өзгерте аламыз. Яғни камера кеңістіктің ішінде әр түрлі және кез келген пункттерге орналаса алады. Сонымен қатар болмыстар да камераға кез келген ұзақтықтан өзін көрсете алады. Олай болса пландардың саны да шексіз. Яғни бір-біріне жақын екі түсірілімнің арасына нақты бір шекара қою мүмкін емес, сондықтан да “пәлен деген түсірілім мына жерде басталып мына жерде бітеді” дей алмаймыз. Әр түрлі елдердің түсірілімдерге берген шекаралары мен аттары да әр түрлі. Сондықтан да әсіресе план түрлері алаңында халықаралық аренада хаос бар. Алайда мынаны тағы да бір қайталап айтып өткен жөн: Пландардың шекаралары адам бойымен және оның дене мүшелерімен белгіленеді. Сондықтан да кейбір негізгі пландардың аттары мен шекаралары айқын: Бас планы, иық планы, кеуде планы, бел планы, тізе планы, бой планы, ірі план, жалпы план, топтық план, ұзақ план.

1. (Ірі план) Кадрдың астыңғы жиегі галстуктың түйіні тұрған жерде бітеді.
2. Кеуде планы. Кадрдың астыңғы жиегі төс қалтаның тұрған жерінде бітеді.
3. Орта план немесе Бел планы. Кадрдың төменгі шекарасы белмен бітеді. Бұл планда адам денесінің жесті мен бетіндегі эмоциялар көзге көрінетін болады.



4. Өте ірі план. Адамның беті экранды толтырады. Маңдай экранның жоғарғы жиегімен шектеседі. Төменгі жиек иекпен шектеседі және ауыз көрініп тұрады. Сұхбаттарда сирек қолданылады.
5. Бой планы. Кадрда барлық дене көрінеді.
6. Жалпы план. Адам немесе тема ландшафт немесе декорацияның аясында көрсетіледі.
7. Деталь план: Камераның темаға ең жақын жерде түсірген кадры болып табылады. Бұл планда теманың ең кішкентай бөлшегі бүткіл экранды жабады. Мысалы адамның көзі, құлағы, мұрыны, саусағы, қолы және тағы басқа мүшелерінің экранның барлық жиегін қамтуы. Кішкентай бір құрт-құмырқаның, кішкентай бір объектінің жақтауды толтыруы немесе жазылған бір хаттан, бір газеттің макаласының бір жерінің экранға келтіру де деталь план болып табылады.

Бейненің ұзақтығы: Ұзақ кадр

Кино – уақыт пен кеңістік өнері. Көбінесе фильмді шынайы уақыт аралығында түсірілетінін ойлаймыз. Бір жеңіл атлетикамен айналысатын спортшының бөгетті аттап өтуі 3 минутқа созылады. Бұл экшнды түсіріп алған фильм де 3 минутқа созылады. Кино теоретигі Андре Базен киноның шынайы уақыт аралығында таспаға түсуін өз эстетикасының маңызды қағидасына айналдырды. Алайда кадрдың ұзақтығының оқиғаның таспаға түсірілу уақыты арасындағы байланыс соншалықты қарапайым емес.

Біріншіден экрандағы оқиғаның ұзақтығы ашық түрде түсірілім кезеңінде немесе пост-продакшн кезеңінде өзгеріске ие бола алады. Баяу кадр немесе жылдам кадр атлеттің бөгеттен аттауын 20 секундта немесе 2 секундта көрсете алады. Екіншіден әсіресе жанрлық кино көбінесе бір кадрдың ішіндегі шынайы уақыт пен экран уақыты арасындағы осынау қарапайым теңдікке рұхсат бере бермейді. Хикаяттың ұзақтығы көбінесе сюжеттің ұзақтығы мен экрандағы бейненің ұзақтығынан әлдеқайда өзгеше болады.

Десек те кино тарихы бойынша кейбір режиссерлер үнемі орташа ұзақтықтан біршама ұзақ уақытқа созылатын кадрдарды қалыптастыруды таңдаған болатынды. 1930-жылдардың орталарынан бастап әлемнің бірнеше елінде режиссерлер ұзақ кадрларды таспаға түсіріп, эксперименттер жасай бастайды. Бұл режиссерлердің ұзақ кадрлары көбінесе өте қуатты жасампаз байлыққа толы болды. Жан Рено, Кенжи Мизогучи, Орсон Уеллес, Карл Дрейер, Миклос Янско, Белла Тар, Андрей Тарковский сынды режиссерлердің фильмдерінде бір кадр бірнеше минутқа созыла алады.

Бұл жерде мына жағдайды ескертіп өткен жөн: Ұзақ кадр, камера мен болмыс арасындағы ұзақ арақашықтықты меңзейтін жалпы кадрмен бір ұғымда емес. Бір кадр – бір ғана түсірілімді таспаға басқан камераның жұмысына берілген ат.

Қосымша ресурстар:

1. Ellis, Jack C. (1995). A History of Film. 4th Edition. Boston, London, Toronto, Sydney, Tokyo & Singapore: Allyn and Bacon.
2. Nowell-Smith, Geoffrey (1999). The Oxford History of World Cinema. Oxford University Press.
3. Pechter, William S. (1971). Twenty-four Times a Second: Films and Film-makers. New York. Evaston & London: Harper & Row Publishers.
4. Pirie, David (Ed.) (1981). Anatomy of the Movies. Inside the Film Industry: The Money, the Power, the People, the Craft, the Movies. New York: Macmillan Publishing Co., Inc.
5. Robinson, David (1974). The History of World Cinema. New York: Stein and Day Publishers.